

# ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДЕ ЫРЫС БАР!

Аялаймын сені, Қызылорда!



## Ақмешіт

1 мамыр  
жұма

№32 (2244)

2026 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Мереке қарсаңында «Өнер» орталығында «Қазақстан – достықтың мекені» атты салтанатты жиын өтті. Мереке мезіретінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ел дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарды марапаттады. Марапат төрінен көрінген қала әкімі Нұржан Ахатовқа «Құрмет» ордені табысталды. Бұл жоғары мемлекеттік марапат – шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлының қала дамуына қосқан еселі еңбегіне берілген баға.

## ЕСЕЛІ ЕҢБЕКТИҢ БАҒАСЫ



## ҚОНЫС ТОЙ ҚУАНЫШЫ

Қаланың сол жағалауында тұрғын үйлер қатары көбейде. Атап айтсақ, өткен жылдан бастап шаһарда жаңа дизайнмен 7, 9, 12 қабатты үйлер бой көтеріп, қалаға көрік беріп тұр. Соңғы үш жылда облыс орталығынан 5600 пәтер беріліп, баспаналы болғандар қатары арта түскен.

Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында сол жағалауда жанадан салынған көпқабатты тұрғын үй кешені берілді. Салтанатты шарала облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындарға пәтер кілтін табыстап, оларды қоныс тойымен құттықтады.

– Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақ жерін мекен еткен сан алуан этностың мәдениеті, діні мен дәстүрі өзара үндесіп, бірегей өркеніетке айналды. Ырысты ынтымақтың арқасында халқымыздың қуаты арта түседі. Сондықтан біз бірлігімізді нығайтуға бар күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек. Бұл – әрбір азаматтың мәртебелі міндеті әрі перзенттік парызы», – деген болатын. Айтулы мереке қарсаңында комфорт плюс санатындағы заманауи, жаңа үлгідегі «Тұран» кешенінің 7 қабатты алғашқы үйін пайдалануға беруге жиналды. Тұрғын үйді Президентіміздің қолдауымен қаламызда жаңа жылу-электр орталығын салған түрік инвесторы «Акса энерджи Қызылорда» компаниясының қызметкерлеріне салтанатты түрде табыстаудамыз. Жаңа баспаналарымыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, ішіндегі әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай! Алдағы уақытта да компания ұжымы Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған серпінді жобаларды жүзеге асыра берді деп сенеміз. Баршаның дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Қоныстарыңыз құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарала тұрғын үйді салған мамандар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

## ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМНІҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ



1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі – ел ішіндегі татулық пен келісімнің жарқын үлгісін айқындайтын есеулі күн саналады. Бейбітшілікті басты орынға қойып, бірлік пен татулықты бағалай білген Қазақстан үшін бұл күннің жыл сайын мәртебесі артауда. Түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері қоныстанған Сыр өңірінде де қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту бағытындағы

жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Бүгінде өңірде 30-дан астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Сонымен қатар 11 этномәдени бірлестік өз жұмысын жүйелі жүргізуде. Мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру бағытында Достық үйінің алар орны ерекше. Бүгінде бұл ғимарат татулық пен бірліктің, достық пен жасампаздықтың ордасына айналды.

2-БЕТТЕ



Шыны керек, кейінгі жылдары қала келбеті адам танымастай өзгерді. Қаланың қай саласында болсын, жарқын жобалар жүзеге асуда. Күн сайын көскейіп, құрылысы қарқын алған, өндірісі өркен жайған облыс орталығында ауыз толтырып айтар жетістік аз емес. Бүгінде Қызылордаға келген қонақтардың қала тазалығына тамсанатынын, өзгерістерге қызыға қарайтынын қарапайым тұрғындар да мақтана айтып жүр. Қаланың күн сайын жақсы өзгеріске бет бұрғаны, даму қарқыны әр тұрғынның мақтанышына айналды.

Атап айту керек, 2026 жыл сұрбойлықтар үшін тарихи оқиғамен басталды. Ұлттық құрылтайдың V отырысы алғашқы ел астанасы болған Сыр өңірінің орталығында өтті. Алқалы жиынға ат терлетіп келген қонақтардың ең алдымен Сырдың бас шаһарының жаңа келбетіне риза болып, танданысын жасыра алмағаны бұған дейін жазылды. Шынында, бүгінгі қала бұрынғыға ұқсамайды. Уақыт талабына сай жанарған, жасарған қаланың бұл жетістігінің артында тынымсыз еңбек бар. Әлемнің қай нүктесінде болсын, қаланың тұрғындар үшін жайлы болғаны маңызды. Бүгінде Сырдың бас шаһары тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы қалаға айналды. Рухани, мәдени орталықтардың көптеп салынуы, демалыс орындарының көбеюі, инфрақұрылымның жақсаруы, қауіпсіз әрі таза ортаға айналғаны – жүйелі жұмыстың нәтижесі.

«Ақмешіт-ақпарат»

## «QYZYLORDA» ТЕЛЕАРНАСЫ: АҚПАРАТ АЙДЫНЫНДА — 35 ЖЫЛ

Осыдан 35 жыл бұрын жергілікті телеарна алғаш рет эфирге шықты. Бастапқы кезде күніне бір сағат ғана хабар тарататын телеарна сол уақыттан бері аймақ тарихының алтын қорына айналды. Бил «Qyzylorda» телеарнасына 35 жыл толып отыр.

Шығармашылық ұжымның мерейлі күнінде аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев «Qyzylorda» телеарнасының жұмысымен танысты. Содан кейін «Достық үйінде» «Qyzylorda» телеарнасының 35 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, «Қазақстан» республикалық телерадио корпорациясы» акционерлік қоғамының бас редакторы Болат Мүрсәлім, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстық телеарналарының директорлары, мәслихат депутаттары және зиялы қауым өкілдері қатысты.

2-БЕТТЕ



АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

## БЕКІРЕ ӨСІРГЕН МЕКЕННІҢ БЕРЕКЕЛІ ТЫНЫСЫ

Қазір жұрт Талсуат десе «бекіре өсіріп жатқан ауыл ғой» дейді. Шынында бекіренің бабын тапқан кәсіпкер осы ауылдың тұрғыны. Бір айта кетерлігі, ауыл халқы кәсіпке бейімделген. Бірі бекіре баптаса, бірі жылыжайды жасап, енді бірі телефон жөндеуде. Ең бастысы, бос жатқан ешкім жоқ бұл ауылда.

Талсуат ауылы – қалаға жақын орналасқан елді мекеннің бірі. Ең бастысы, «көгілдір отынның» игілігін көріп отырған ауылда ауызу, аяқсу, жол, жарық мәселесі шешімін тауып келеді. Қоғамда талқыға түсіп жатқан жұмыссыздық жайы бұл ауылды айналып өткендей. 2 мыңнан астам халыққа құтты қоныс болған елді мекендегі экономикалық белсенді халық саны – 1266, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 130. Кәсіпкері көп ауылдың бірі болғандықтан болса керек, бюджет пен салық түсімін молайтуда өзгерлерге үлгі боларлықтай. Ең бастысы, инфрақұрылымның игілігін көріп отырған ауылдың бірі.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ

Өткен жылы ауыл тұрғындарының көптен көтерген мәселесі шешімін тауып, жаяу жүргіншілер жолы салынып, көшеге жарық бағаналары орнатылды. Жол қозғалысы мен қоғамдық қауіпсіздікті күшейту мақсатында облыстық полиция департаменті тарапынан А.Құнанбаев көшесіне бір мезетте бірнеше

жолтаға қозғалысты қадағалап, заң бұзушылықты анықтайтын бейнебақылау орнатылған. Ал билы Құмқол, Атырау, Ақмешіт, С.Нұрмағамбетов көшелеріне жаяу жүргіншілер жолы салынып, мектепке қатынайтын оқушылардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасалды. Сығанақ көшесіне тасжол төселіп, 7 аялдама салынған.

4-БЕТТЕ

Валерий КОН, Қазақстандағы корейлер қауымдастығы жанындағы жастар қозғалысының төрағасы:

## БӘРІМІЗДІ БІРІКТИРЕТІН ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАР

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл мереке түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан мемлекеттің басты құндылықтарын айқындайтын күн. Бірлік, татулық, өзара құрмет – тек мереке күндері айтылатын сөз емес, өміріміздің мәніне айналған құндылық. Осы орайда, Қазақстандағы корейлер қауымдастығы жанындағы жастар қозғалысының жұмысы айрықша назар аудартады. Бұл қозғалыс 1998 жылдан бері жастар ұйымы ретінде тұрақты жұмыс істеп келеді. Республикалық жастар қозғалысы тек бір этнос жастарының басын қосатын ұйым ғана емес, белсенді, бастамашыл, ел дамуына үлес қосуға ұмтылатын жас буынның ортақ алаңы. Мұнда жастар өз мәдениетін сақтап қана қоймай, өзге этностардың дәстүріне құрметпен қарауды, қоғамдық өмірге араласуды, ортақ мақсат жолында бірігуді және Қазақстанның көпэтносты қоғамындағы жауапкершілікті сезінуді үйренеді. Қазіргі таңда Қазақстандағы корейлердің жастар қозғалысы аясында жастар форумдары, мәдени кездесулер, шығармашылық кештер, тіл үйрену және білім беру жобалары, волонтерлік акциялар, қайырымдылық шаралары, сондай-ақ этномәдени бірлестіктермен бірлескен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Әсіресе түрлі диаспора өкілдері арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған бастамалардың маңызы зор. Наурыз мерекесі, Достық фестивалдері, мәдениет күндері, жастар кездесулері арқылы қозғалыс өкілдері корей мәдениетін таныстырып қана қоймай, қазақ халқының тарихына, тіліне, салт-дәстүріне деген құрметті де нақты іспен көрсетеді. Бүгінде жастардың алдында үлкен міндет тұр. Аға буын қалыптастырған татулық пен келісім дәстүрін сақтап қана қоймай, оны жаңа заман талабына сай жалғастыру. Осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқан Қазақстандағы корейлер қауымдастығы жанындағы жастар қозғалысының төрағасы Валерий Конмен сұхбаттасудың сәті түсті.

3-БЕТТЕ



## «QYZYORDA» ТЕЛЕАРНАСЫ: АҚПАРАТ АЙДЫНЫНДА — 35 ЖЫЛ

Телеарна алғаш рет 1991 жылдың 30 сәуірінде эфирге шығып, сол уақыттан бері өмір тұрғындарын үздіксіз әрі жедел ақпаратпен қамтамасыз етіп келеді. Осы жылдар аралығында отандық журналистиканың үздік мектептерінің бірі болып қалыптасты. Аймақ басшысы телеарна жұмысын мерейтойымен құттықтады.

— Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз озық ойлы ұлт болуымыз қажет. Көш бастайтын елдердің қатарына қосылуымыз керек. Бір ел болып, жұдырықтай жұмылсақ, бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Осы ортақ жұмысқа журналистер қауымы да зор үлес қосып жүр. Сіздерді реформаның қозғаушы күші деп айтуға болады», — деп атап өтті. «Qyzylorda» телеарнасындағы білікті әрі тәжірибелі мамандар заманға сай озық техникалар мен жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып, журналистикадағы жаңа бастамаларды ақпарат айдынына батыл енгізіп келеді. Аймағымыздың жетекші арнасы ел өміріндегі саяси маңызды оқиғалар туралы ақпаратты жылдам таратып, жағымды жаңалықтардың хабаршысы болуда. Телеарна эфирге шыққан 35 жыл ішінде халық шығармашылығын дамыту мен жергілікті музыкалық контентті қалыптастыруға айрықша басымдық берді. Сыр өңірінің жылнама-сын, Тәуелсіздік шежіресін қалыптастырудағы қажырлы еңбектерінің үшін сіздерге зор ризашылығымыз, алғысымыз білдіреміз. Ақпарат айдынында заман көшінен қалай, жаңа медианы меңгеріп, елдікті сақтау, азаттықты баянды ету жолында абыройлы қызмет атқара бергейсіздер! — деді облыс әкімі.

35 жыл ішінде телеарна тілшілері тәуелсіздік жылдарындағы Сыр өңірінің шежіресін жасауға атсалысты. Бүгінде телеарна цифрлық форматта тәулігіне 15 сағат хабар таратады.

Басы 1-бетте



Жаңалықтар күніне жалпы 8 рет, оның 6-ы тікелей эфирде көрсетілгені ұсынылады. Апта сайын әртүрлі бағыттағы 35-тен астам бағдарлама дайындалады. Өзіндік өнімнің үлесі 67 пайыз.

Телеарна эфирінде «Өмірдің өзі...», «Өзекжарды», «Ұлт саулығы», «Қайырлы күн, Қызылорда!», «Анықтаймыз», «Құдайы қонақ», «Қызық орда», «Параллель», «Пайдалы подкаст», «Үшпаған» секілді жобалар тұрақты көрсетіліп келеді. Бұл бағдарламаларда қоғамдағы өзекті мәселелер көтеріліп, көрермен сұранысына сай сапалы әрі мазмұнды ақпарат, жан-жақты сараптамалар беріледі.

Бүгінде ұжымда 71 кәсіби маман еңбек етеді.

Салтанатты шарада кәсіби шеберлігі мен телевизия саласындағы қажырлы еңбегі үшін бірқатар азаматқа ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері», «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгілері, облыстың «Құрмет» грамотасы, облыс әкімінің «Алғыс хаты», «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының акционерлік қоғамының «Құрмет» грамотасы мен «Алғыс хаты» табысталды.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ,  
Суретгі түсірген  
Н.НУРЖАУБАЙ

## ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМНІҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ



Этномәдени бірлестіктердің мәдени күндері мен атаулы мерекелері дәл осы орталықта кең көлемде аталып өтеді. Мұнда би залы, «Ассамблея жастары» ұйымы және тіл үйрету кабинеті тұрақты қызмет атқарады. Сонымен қатар бұл ғимаратта Ақсақалдар кеңесі және Ақпараттық түсіндіру тобы жұмыс істейді. Бұл құрылымдардың бүгінде этносаралық татулықты нығайтуға, өзара түсіністік пен тиімді диалог орнатуға зор үлесі бар.

— Өңірде этнос өкілдерінің өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуына барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің басты мақсаты — әр этностың тілін, дінін, дәстүрін сақтау — мемлекеттік этносасатты халыққа кеңінен насихаттау. Осы бағытта түрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Сонымен қатар сауалнамалар жүргізу арқылы тұрғындардың көңіл күйі мен әлеуметтік ахуалы сараланып, этносаралық тұрақтылық деңгейі назардан тыс қалған емес. Қазіргі таңда өңірдегі этносаралық тұрақтылық деңгейі 95,8 пайыз.

— Қазақ халқы әрдайым «көрші ақысы — тәңір ақысы», деген түсінікті білестіктердің мүшелері елімізде жүзеге асып жатқан саяси реформаларға әрдайым қолдау білдіріп, белсенділік танытып

Басы 1-бетте

келеді. 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні — қоғам үшін маңызды зор мереке. Елімізде 100-ден астам ұлт өкілдерінің тату-тәтті өмір сүруі — бірлік пен келісімнің айқын көрінісі. Бұл күні барлық этнос өкілдері өз мәдениетін паш етіп, ортақ шаңырақ астындағы татулық пен сыйластықтың үлгісін көрсетуде. Бірлік — біздің басты байлығымыз. Оны сақтау мен нығайту — баршамызға ортақ міндет, — дейді «Қоғамдық келісім және тіл орталығы» КММ директоры Бақытжан Камалов.



Қоғамдық келісімді нығайтуда Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесінің рөлі зор. Одан бөлек, мәдени-спорттық шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар Наурыз, Масленица, Пасха сынды түрлі халықтың мерекелерінің бірлесіп өткізілуі, достық пен татулықтың мәнін тереңдетеді түседі.

### БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

Қазақтың дәстүрі мен тарихын, тілін үйреніп, өзгелерге үлгі болып жүрген азаматтың бірі, өзбек ұлтының өкілі Дильшат Ибрагимов. — Қазақ халқы әрдайым «көрші ақысы — тәңір ақысы», деген түсінікті ұстанған. Сол себепті көрші елдерге деген сыйластықпен, достық-бауырмалдықпен қарым-қатынас жасайтыны жақсы әсер беретіні анық. Қазіргі таңда бір тудың астында қаншама ұлт өкілдері бейбіт

елде өмір сүруде. Осындай бірлігі жарасқан елде тұрып жатқанымна маңызды зор мереке. Қазақстанның ынтымағы басқа мемлекеттерге үлгі. Елімізде соңғы уақытта қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдері айтарлықтай көбейгені — жетістігіміз. Бұл — нағыз патриоттардың қазақ жеріне, мемлекеттік тілге деген құрметі, — дейді ол.

Қазақтың қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінде Дильшат қазақ тіл орталығы КММ директоры Бақытжан Камалов.

елде өмір сүруде. Осындай бірлігі жарасқан елде тұрып жатқанымна маңызды зор мереке. Қазақстанның ынтымағы басқа мемлекеттерге үлгі. Елімізде соңғы уақытта қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдері айтарлықтай көбейгені — жетістігіміз. Бұл — нағыз патриоттардың қазақ жеріне, мемлекеттік тілге деген құрметі, — дейді ол.

Қазақтың қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінде Дильшат қазақ тіл орталығы КММ директоры Бақытжан Камалов.

Еліміздегі кәсіптің дамуына өз үлесімді қосып келемін. Қазіргі таңда «Burger truck» фастфуд орталығын аштым. Мемлекет тарапынан жас кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдаудың арқасында өз ісімді дамытуға мүмкіндік алдым. Бір шаңырақ астында еңбек етіп, табысқа жетіп жатқан жастар — ел болашағының берік негізі, — дейді Дильшат.

Сыр өңірінде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің бір ғана тілегі бар. Олар Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достыққа сызат түспесе екен дейді. Өйткені олар үшін ынтымақ, бірлік, келісім — ең басты байлық.

А.АЙТЖАНОВА,  
Суретгі түсірген  
Н.НУРЖАУБАЙ

Бүгінде ақпарат кеңістігінің қоғам өміріндегі рөлі артып келеді. Әсіресе ұлттық келісім, мәдени әртүрлілік, азаматтық бірегейлік секілді маңызды тақырыптарды жеткізуде медианың жауапкершілігі зор. Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы медиа-орталығы түрлі этнос өкілдерінің өмірі, еңбегі, мәдениеті мен ел дамуына қосқан үлесін кеңінен насихаттап келеді. Осы ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы медиа-орталығының жетекшісі, Қазақстан татар және башқұрт конгресінің өкілі Равиль Валеевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

Равиль, ВАЛЕЕВ, Қазақстан халқы Ассамблеясы медиа-орталығының жетекшісі, Қазақстан татар және башқұрт конгресінің өкілі:



## ҚАЗАҚСТАН — БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ҚАСИЕТТІ ҚАРАШАҢЫРАҚ

— Қоғамдағы ұлтаралық татулық пен достық құндылықтарын жастардың санасына сіңіруге ақпараттың рөлі қаншалықты маңызды?

— Заманауи медиа кеңістігінде мерекелік іс-шараларды жай ғана хабарлау немесе құрғақ ақпарат ретінде ұсыну бүгінгі аудиторияның сұранысын толық қанағаттандыра алмайды. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары тек ақпарат таратушы ғана емес, қоғамдық сананы жаңғыртатын, іргелі құндылықтарды нығайтатын маңызды стратегиялық алаңға айналды. Сондықтан кез келген іс-шара туралы «өтті» немесе «қатысты» деген ақпарат беру жеткіліксіз, өйткені бүгінгі оқырман сан алуан ақпараттың ішінен оның терең мазмұны мен әлеуметтік мәніне үніледі. 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні тек салтанатты жиындар мен концерттердің жиынтығы емес, бұл ең алдымен, еліміздегі ұлтаралық келісім мен татулықтың берік символы.

Медиа орталықтың басты міндеті — әртүрлі этнос өкілдерінің бір шаңырақ астындағы берекелі тірлігін, өзара сенім мен сыйластығын нақты мысалдар арқылы ашып көрсету. Қазіргі таңда БАҚ-тың ағартушылық қызметі барынша күшейіп, қоғамда сыни ойлау мәдениетін дамытуға және этносаралық диалогты нығайтуға бағытталуы тиіс. Біз тек оқиғаны баяндап қана қоймай, ел бірлігі мемлекеттің негізі екенін түсіндіруіміз қажет, себебі бүгінгі қоғам шынайылықты, мазмұнды және ұлтаралық татулықты дәріптейтін ашық әңгімені күтеді.

— Сіз Қазақстан татар және башқұрт конгресінің өкілісіз. Бүгінде татар бірлестігі қандай жобалармен айналысып жүр?

— Бүгінде татар бірлестігінің жұмысы бірнеше маңызды бағытты қамтиды. Ең алдымен, бұл білім беру жобалары, тіл курстары, мәдени іс-шаралар, шығармашылық ұжымдардың дамуы және Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық бастамаларына белсенді қатысу. Тіл үйрену курстарының маңызы ерекше. Себебі тіл — мәдениеттің өзегі.

Тіл білу арқылы адам халықтың тарихын, дүниетанымын, салт-дәстүрін тереңірек түсінеді. Сонымен қатар біз мәдени кештер, концерттер, шығармашылық кездесулер, ұлттық дәстүрлерді таныстыратын іс-шаралар өткіземіз. Біз жастардың шығармашылық бастамаларын қолдаймыз, оларды республикалық және халықаралық мәдени іс-шараларға тартамыз.

— Ұлттық болмысты сақтай отырып, біртұтас ел болудың басты сыры неде деп ойлайсыз?

— Қазақстандық қоғамдық келісім моделінің бірегейлігі де ұлттық сабақтастықта жатыр. Біздің елімізде әр этностың өз тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін қастерлеуі жалпыұлттық бірлікке ешқандай қайшы келмейді, керісінше, ол ортақ шаңырағымыздың рухани көкжиегін кеңейтіп, іргесін бекемдей түседі. Татар халқының сан асарлық мәдени мұрасы бүгінде Қазақстанның қоңырлық рухани қазынасының ажырамас бөлігіне айналды. Біз ана тіліміз бен ұлттық өнерімізді ардақтай отырып, Қазақстанды қасиетті ортақ Отанымыз деп танымыз және еліміздің өркендеуіне атсалысамыз. Шын мәнінде, бірлік — барлық азаматтың бір қалыңға түсуі емес, әртүрлілікті сақтай отырып, ортақ құндылық төңірегінде бірігу. Қазақстандағы әр этностың өзіндік болмысы неғұрлым айқын көрініс тапқан сайын, мемлекетіміздің рухани қуаты мен зияткерлік әлеуеті де арта түспек.

— Өңірлермен байланыс қандай деңгейде?

— Өңірлермен байланыс — біздің жұмысымыздың маңызды бөлігі. Себебі бірлік идеясы тек елордада ғана емес, еліміздің барлық аймағында нақты істер арқылы көрінуі керек. Біз барлық өңірлермен тұрақты байланыс орнатып, бірлескен жобаларды жүзеге асырып келеміз. Мәдени және білім беру бағытындағы жобалар бойынша тәжірибе алмасамыз, бірлескен іс-шаралар ұйымдастырамыз, ақпараттық қолдау көрсетеміз. Өңірлермен байланыс бізге ел ішіндегі этномәдени өмірдің алуан түрлілігін кеңірек көрсетуге мүмкіндік береді. Әр аймақтың өз ерекшелігі, өз

тәжірибесі бар. Соларды біріктіре отырып, біз Қазақстандағы қоғамдық келісімнің нақты көрінісін көрсете аламыз.

— Алдағы уақытта қандай жаңа медиа алаңдарды игеру жоспарда бар?

— Қазіргі ақпарат кеңістігі үнемі назарда. Сондықтан жаңа цифрлық платформаларды игеру, видеоконтентті күшейту, қысқа бейнеформаттарды дамыту — алдағы маңызды бағыттардың бірі. Қысқа видеолар бүгінде өте танымал. Бірақ қысқа формат мазмұнсыз дегенді білдірмейді. Керісінше, бірнеше секунд немесе минут ішінде маңызды ойды нақты, әсерлі және түсінікті жеткізе білу қажет. Бұл үлкен кәсібилікті талап етеді. Сонымен қатар подкаст форматтарын дамытуға да қызығушылық бар.


— Мерекелік лебізіңіз...

— 1 мамыр — баға жетпес байлығымыз бен мығымас бірлігіміздің айқын символы. Ең басты тілегім — кәсіпкерлі Отанымыздағы тыныштық пен келісімді еркін бағалай білейік. Қазақстан — баршамызға ортақ қасиетті қарашаңырақ. Сондықтан еліміздің үйдің берекесі мен жарқын болашағы үшін әрқайсымыз тікелей жауаптымыз. Бір-бірімізді құрметтеу, өзара түсіністікке ұмтылу және қиындықта демеу болу — біздің қоғамдық келісіміміздің алтын діңгегі. Еліміздің ең үлкен күші — оның көптілігі мен сан алуан этностардың басын қосқан рухани тұтастығында. Әр ұлттың өзіндік мәдениеті мен дәстүрі ортақ Отанымыздың қазынасын байытып, мемлекетімізді әлем алдында еселі ете түседі. Біз осы рухани байлықты ардақтай отырып, ортақ болашаққа «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығарып, сеніммен қадам басамыз. Бұл — өзара сенім мен татулықты, жасампаздық пен ынтымақты ту еткен парасатты жол. Осы айтулы мерекеде баршаға ашық аспан, отбасылық береке және еліміздің гүлденуі жолындағы игі істеріне жаңа күш-қуат тілеймін. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз берекелі болсын!

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан  
София ХАЙРУЛЛА

## ӨНІРДЕ ХАЛЫҚ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ



Облыста жылдың алғашқы айларында әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша он динамика байқалған. Дерек бойынша жан басына шаққандағы жалпы өнім көлемі 3,1 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 2,9%-ға өсті. Бұл туралы облыстық өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департамент басшысының орынбасары Әсел Досжанова мәлімдеді.

Өнеркәсіп саласында өндіріс көлемі 250 млрд теңгеге жетіп, 1,7%-ға артты. Әсіресе өңдеу өнеркәсібі 13,6%-ға өсіп, тамақ, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары және машина жөндеу салаларында айтарлықтай ілгерілеу байқалды. Инвестициялық белсенділік те жоғары деңгейде қалыптасқан. 2026 жылдың алғашқы тоқсанында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 142,1 млрд теңгені құрап, 8,2%-ға артқан. Биыл қантар-наурыз айында құрылыс жұмыстарының көлемі 46,6 млрд теңгені құраған. Өңірде 585 жаңа тұрғын үй пайдалануға берілді, оның ішінде 557 жеке және 28 көппәтерлі тұрғын үй. Пайдалануға берілген үйлердің жалпы алаңы өткен жылмен салыстырғанда 2,2 пайызға артқан.

— Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 16,6 млрд теңге құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,2%-ға өсті. Оның ішінде мал шаруашылығы 3,5% көбейген. Жылқы саны өткен жылмен салыстырғанда 6,0 пайызға көбейгені, ал ірі қара мал 0,3 пайызға, азайғаны байқалады. Ал сауылған сиыр сүті 9,5 мың тоннаны құраса, өндірілген тауық жұмыртқасы 1,3 млн данаға көбейген, — деді Әсел Досжанова.

Өткен жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда жалпы инфляциялық қысымның сақталғаны байқалды. Биыл наурыз айының қорытындысы бойынша Қызылорда облысында тұтыну тауарлары мен қызметтерінің индексі 102,5%-ды құрап, баға деңгейінің біртіндеп өскенін көрсетті. Азық-түлік тауарларының

бағасы 3%-ға қымбаттаса, азық-түлік емес тауарлар 2,4%-ға өскен. Ал ақпалы қызметтердің құны 2%-ға артқан. Бір қарағанда жоғары емес көрінгенімен, күнделікті тұтыну себепті тікелей әсер ететін негізгі өнімдер бағасының көтерілуі халықтың шығындарын арттыруы мүмкін.

Биыл 1 наурызда өңір халқы 846,5 мың адам болса, өткен жылдың наурызында 846,4 мың адам. Қала халқы 399,7 мың адамға жетіп, аздап өссе, ауыл халқы 446,8 мың адамға дейін төмендеген. Бұл қалаға қошу үдерісінің сақталып отырғанын аңғартады. Дегенмен қала тұрғындарының үлесі 47%, ал ауыл халқы 53% деңгейінде қалып отыр. Жалпы алғанда, соңғы 10 жылда халық саны 82 мың адамға артқан.

Халықтың көші-қоны әлеуметтік, экономикалық, саяси, экологиялық және сыртқы факторларға сәйкес өзгеріп тұрады. Көші қон қызметі органдары ұсынған мәлімет бойынша биылғы қаңтар-ақпан айында облысқа тұрғылықты тұруға келгендердің тіркелу саны 8049 адамды, облыстан кеткендердің саны 9491 адам.

— Өткен жылмен салыстырғанда облысқа көшіп келгендер саны 5%-ға көбейгені байқалады. Сонымен бірге облыста 2346 сәби дүниеге келген. Оның 1172-і ұлдар болса, 1174-і қыздар. Біздің өңірдің туу көрсеткіші және табиғи өсімі тұрақты. Облыстар арасында 1000 тұрғынға шаққанда туу көрсеткіші бойынша тұрақты төртінші орындамыз. Облысымызда күніне орташа есеппен 40-45 сәби дүние есігін ашады. Ай сайын 1200-1300 балаға дейін дүниеге келеді. Жоғарыда аталған факторларды ескере отырып, облыста халық санының артуын байқауға болады, — деді Әсел Досжанова.

Өткен жылдың IV тоқсаны бойынша облыста жұмыссыздар саны 15,7 мың адамды құрады. АЛ НЕЕТ санатындағы жастар үлесі 6,7% деңгейінде қалып, еңбек нарығында жастардың бір бөлігінің әлі де тұрақты жұмыспен қамтылмағаны байқалған.

Шағын және орта кәсіпкерлік нысандары 63770 болса, оның 61 493-і белсенді қызмет атқарады. Дегенмен, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік нысан саны 4,7%-ға азайғаны байқалып, кәсіпкерлік белсенділік баяулағанын аңғартады. Жалпы алғанда, өңірде еңбек нарығы тұрақты болғанымен, жастарды жұмыспен қамту және кәсіпкерлік белсенділікті арттыру бағытында қосымша шаралар қажет екені көрінеді.

Нұрай АРМАНҚЫЗЫ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің  
4 курс студенті





# БЕКІРЕ ӨСІРГЕН МЕКЕННІҢ БЕРЕКЕЛІ ТЫНЫСЫ

## Байыпты бағдарлама жемісі

Шағын ғана ауылда мемлекеттік бағдарламаның пайдасын көріп, кәсіпін дөңгелетіп отырған азаматтар көп. Шынында, талсуаттықтар кәсіптің көзін тауып, берекелі тірлік кешуде. Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттің қолдауы нәтижесінде 189 кәсіпкерлік нысан тіркелсе, 174-і дара кәсіпкерлер, 6-ы шаруа қожалығы. Асыл тұқымды мал, құс шаруашылығын өсіруге де жергілікті тұрғындарға қолдау көрсетуге мемлекеттік бағдарлама көмектесуде. Тіпті ауылда телефон жөндейтін шеберхана да бар. Енді ауыл тұрғындары мобильді құрылғы мен гаджетті жөндеу үшін қалаға сабылмай, ауылда ашылған арнайы орталық мамандарының қызметін пайдалана алады.

— Елді мекенде өткен жылы «Хан Бекіре 11» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, бекіре өсірумен айналысуда. Су маржандары мұнда тереңдігі 50 метр болатын жерасты ұңғымасы арқылы тазару сүзгісінен өткен суда өсіріледі. Жеке кәсіпкер Ғалымжан Нағиев шаруашылықтың құрылыс жұмысына және толық жабықталуына «Ауыл аманаты» жобасымен 31,4 млн теңге несиеленген. Бұл ауылдағы балық шаруашылығын дамытуға бағытталған аса ауқымды жоба. Мұнда жылына 40000 тонна бекіре балығы өндірілмек. Кәсіп иесінің жоспары алдағы уақытта ауыл, қала, көршілес елдерге балық өнімінің түрлерін ұсынып, ел қажетін өтеу, — дейді ауылдық округ әкімі Ерлан Бейсенбаев.

Тігіншілікті кәсіп еткен жеке кәсіпкер Гүлжан Ахметованың қолынан шыққан бұйымдар халықтың қадесіне жарап тұр. Мерекелік, ұлттық киім, құрақ көрпе, ерекше үлгідегі ұлттық өрнекпен сәнделген белдемшелер көздің жауын алады. Дизайнын да өзі жасайды.

— Тігін өнері аманнан дарыған. Іс тіккенді өте жақсы көремін. Жас кезімде саусағы майысып тігін тігіп отырған

Басы 1-бетте

анама қызығатынымын. Мен де сол кәсіптің наным жеп отырмын. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп халқымыз тегін айтпаған. Қопбалалы аманым. Балаларымды да еңбекке баулып келемін. «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасымен 2024 жылы 7 млн теңге несиелендім. Айына 50-100 данаға дейін киім тігемін. Бүгінде 5 ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отырмын, — дейді «Расул» жеке шаруашылық иесі Г.Ахметова.

Талсуаттағы ауылдық клуб үйінде оқушы қыздарды қолөнер шеберлігіне баулып жүрген Шолпан Ахметова нағыз қолөнер шебері. Үйірме жетекшісімен жұмыс үстінде жолықтық. Қолөнер бұйымдарының ішінде көзге түскені әйелдердің қол көмексі болды. Ерекше безендірген сөмкені оқушылар тігіп жатыр.

— Қыздардың көпшілігі сөмке тігуге құлшыныс білдіруде. Қазақ «Өнерді үйрен де, жирен» деген сөз бар. Басқа да зергерлік бұйым, ойыншық, үйге қиетін аяқ-киім тоқуды үйретіп жатырмын. Мұнда іске бейім қыздар жиналған. Үйреткеніңді лезде ұғып алып, жасай бастайды. Ең бастысы ынтыла екені сезіледі, — дейді үйірме жетекшісі.

Салауатты өмір салтын сақтап, спортпен айналысуға да ауылда жағдай жасалған. Жеке кәсіпкер Махсат Қуларов ескі гимнасттық жана, заманауи қалыпқа келтіріп, спорт кешенін ашқаны әсіресе ауыл жастарына спортпен айналысуға мүмкіндік берді. Бүгінде спорт кешенінде тұрақты түрде 60 бала каратэ үйірмесіне және 60 бала қазақша күрес үйірмесіне қатысады.

— Спорт кешенін ашудағы мақсатым ауыл балаларының да спортпен айналысуына жағдай жасап, чемпиондар шықса деген үмітім бар. Негізгі кай спорт түрінен болсын жеңімпаздар ауылдан көптеп шыққан. Алғашқы жетістерді де қоржынға салдық. Каратэ үйірмесінің балалары қалалық, облыстық және республикалық жарысқа қатысып, қалалықтан 5 алтын, 2 күміс, 6 қола алса, облыстықтан 1 алтын, 1 күміс, 3 қолаға қол жеткізсе, республикалықтан 1 алтын, 1 күміс, 1 қола медальді қанжығасына байлады. Қазақ күресінде қалалық жарыстан 4 алтын, 1 күміс, 3 қола иемденсе, облыстықтан 1 алтын, 12 күміс, 3 қоламен оралып, республикалық жарыстан 1 күміс, 3 қола медаль еңгізілді, — дейді жеке кәсіп иесі.

Ауылдағы «Береке» шаруа қожалығы қой шаруашылығымен, жылжы-жай өсірумен айналысуда. Мемлекеттік бағдарлама аясында 5 млн теңге жеңілдетілген несиеленіп жұмысын бастаған. Кәсіп иесі Айдарбек Кетесбайұлының айтуынша, жылжыжай кәсібі оңай емес. Оны балапандай баптамастан дұрыс өсіледі.

— Алғашында қызанақтың дұрыс көшетін таппаған соң көшетті өзін өсіруді ойладым. 7 жыл бұрын көшет егуді бастадым. Керек тұқымды Шымкенттен алдым. Өсіріп базарға апарып саттым. Солай тәжірибе жинап, кәсіпті кеңейту үшін несиелендім. Қазіргі егін жатқаным тәтті бұрыш, дүнген, ашы бұрыш, қызанақтың «Волгоград», қызғылт «гигант», Израилдің «молини» сорттары. Аудандар мен ауылдық округке барып егін беріп жүрмін. Гүлдің топырағына отырғызса, тамыры тез жетіледі. Жыл басында 3 жылжыжайды дайындап, ақпан айының ортасында, наурыздың басында егеміз. Ендігі жоспарым қыстық жылжыжай салу. 40 000-50 000 түп көшет егу тәжірибем бар. Қызанақ екенде қиналамыз, қияр ексеқ қуанамыз, себебі қызанақ тұқымы майда, қияр тұқымы ірілеу. Бейнесіз рахат жоқ қой. Отбасымызбен еңбектенеміз. Бос уақыт жоқ. Балаларымды, келінімді де кәсіпке бейімдеудімін. Кәсіптің көзін тапқан қай істің де берекесі кіреді, — дейді кәсіпкер.

Шынында, кәсіптің көзін тапқан берекенің өзін табады. Шағын ауылдың шаруашылығы шарықтап, кәсібі өркендеуде. Ең бастысы, көшпелер самалай жарық, әлеуметтік нысандарға баратын жол асфальтталған. Ауылдық округті қаламен байланыстыратын жолаушылар көлігі жиі қатынап тұр. Ауыл халқы бекем бірлік пен адал еңбектің арқасында тұтан жерін түлетіп, қай іске де білек сыбана кірісіп отырғаны қуантады.

Гаяһар ҚОЖАХМЕТОВА  
Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Елдегі білім беру жүйесінде соңғы жылдары өзгерістер орын алуда. Көптеген талапкер және екінші жоғары білім алғысы келетін азаматтарды «Сырттай оқу қайта орала ма?» деген сұрақ мазалайтыны анық.

## СЫРТТАЙ ОҚУ ФОРМАТЫНА



Қазақстанда білім беру жүйесіне қатысты кезекті ауқымды өзгеріс талқыланатын жатыр. Мәжілісте қаралып жатқан заң жобасы аясында білім туралы заң нормаларына енгізілетін түзетулердің бірі – сырттай оқу форматына қатысты заң жобасы.

Жаңа түзетулерге сәйкес, бірақтар нормалардан «сырттай оқу» ұғымы алынып тасталады немесе қайта қаралады. Яғни сырттай білім алудың дәстүрлі моделінен біртіндеп бас тарту үрдісі байқалады. Дегенмен заң жобасы бұрыннан сырттай оқуға түскен азаматтардың құқықтарын сақтайды. Олар оқуын сол форматта аяқтап, тиісті диплом ала алады. Өзгерістер болашақ талапкерлерге қатысты.

Сырттай оқу форматы Қазақстанда ұзақ жылдар бойы қолданыста болды. Ол әсіресе жұмыс істейтін азаматтар, екінші мамандық алушылар немесе елді мекендерде тұратындар үшін тиімді еді. Алайда соңғы жылдары бұл форматтың сапасына қатысты сын жиі сын айтыла бастады.

Мемлекет білім сапасын арттыру мақсатында оқудың неғұрлым тиімді және заманауи форматтарына көшуге ұмтылып отыр. Соның бірі – қашықтан оқыту немесе Digital Learning. Бұл сырттай оқуға қарағанда икемдірек әрі заманауи сай. Яғни, формальды түрде «сырттай оқу» қысқартылып, білім алудың икемді мүмкіндіктері толық жойылмайды, керісінше жаңаша сипат алады.

Дегенмен, бұл реформаның тәуекелдері де жоқ емес. Сырттай оқу көптеген азамат үшін жоғары білім алудың мүмкіндігі. Әсіресе ауылдық жерлерде тұратын немесе күндізгі оқуға мүмкіндігі жоқ адамдар үшін бұл формат тиімді еді. Сарапшылар егер балама механизмдер болмаса білім алуға мүмкіндік азаюы ықтимал екенін айтады. Осыған байланысты қашықтан оқыту сапасын арттыру, цифрлық инфрақұрылымды дамыту, жұмыс істейтін азаматтар үшін икемді оқу форматтарын сақтау қажеттігі талқылануда.

Думан КЕЦШЛІК

Ұлттық кітап күні аясында Сыр өңіріне Шымкент қаласынан бір топ белгілі қаламгерлер келіп, Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітап және қаламгер» атты кездесу кеші өтті



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ ЖАРҚЫН КЕЗДЕСУІ

Рухани кешті ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының Қызылорда облысындағы өкілі Қаршыға Есімсейітова жүргізді. Іс-шараны Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы С.Көзейбаев ашып, ақын-жазушылар мен құрметті қонақтарға жылы лебізін білдірді.

Мұнан соң сөз алған жазушы-эколог, «Парасат» орденінің иегері Сайлаубай Жұбатырұлы, Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент қаласындағы филиалының директоры, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі Момбек Әбдіәкімұлы, екі өңірдің әдеби, мәдени, рухани, тарихи байланысы туралы сөз қозғаса, белгілі ақын, «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты ақын Қатирә Жәленова қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру, оқырман мен автор арасындағы байланысты нығайту туралы пікір білдірді.

Кездесуге қатысқан қаламгерлер өз шығармашылығы туралы, қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы жайында пікірлерін ортаға салды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3858 Тапсырыс №728

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолжан АЙТЖАНОВА